


ISSN 1811-1823

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ



С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ СЕРИЯ



3-4' 2012

ПМУ ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК ПГУ

Қ. П. Жүсіп, Н. Қ. Жүсіпов

МӘШҺҮР – ЖҮСІП – СӨЗ ЗЕРГЕРІ: АЗ, АЗАЮ СИПАТЫ

Мақалада Мәшһүр-Жүсіп шығармашылығындағы тілдің ерекшелігі қарастырылады.

Қазақтың белгілі ақыны Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының 1917 жылдан көп бұрын 20 томдық шығармалар жазғанын ескеріп, алдымен жол бастаушы ретінде Мәшһүр-Жүсіп шығармалары тілін танытуды мақсат еттік.

Бұл орайда ескерте кететін тағы бір мәселе – Мәшһүр-Жүсіп қағазға түсірген ауыз әдебиеті нұсқалары мәтіндерінің Мәшһүр-Жүсіп шығармалары ретінде қарастырылуы орынды болады деп шешкенімізді еске саламыз. Себебі ауызша айтылғанды саралап қағазға түсірген Мәшһүр-Жүсіптің сол ел арасында бұрын ауызша ғана таралып келген ауыз әдебиетіндегі сөздерді теруі, бағалауы – бәрі жатқанын, оны Мәшһүр-Жүсіптің төл туындыларындағы сөздерге ықпал еткенін ескеріп, осы 20 томдықтағы сөздерді «Мәшһүр-Жүсіп тілі»- деген аталыммен жариялап, соңынан соның жалғасы ретінде кейінгі қаламгерлер: Б. Майлин, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Нұрпейісов т.с.с. шығармалары тілін топтастыруды жөн санадық. «Мәшһүр-Жүсіп тілі» дегенде, оның ішіндегі тақырыптарды (оқырман іздеуін жеңілдету үшін) алфавит ретімен бергенді жөн көрдік. Сонда «Адамның он сипаттары», «адамның теріс сипаттары» – тақырыптарының алдымен берілуін ескертеміз. Осы орайда мысалдар өрілуі тұсында белгілі томның қай жылы қай баспадан шыққанын ескерте бермей-ақ (бірінші томы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті баспасынан 2003 жылы шыға бастағаны белгілі) алдымен том реті, ізінше кітап бетін келтірумен, қажет сөзді астын сызып, яғни неғұрлым бағтитып көрсетіп, берумен шектелетінімізді еске салғымыз келеді.

Аз, азаю сипаты

Азай // Кему, саны аз болу. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1-том, – А. : Ғылым, 1974. - 76 б.

1. Және де арам қан **азайды**. (11-76 б.).

2. Есек...

– Егер мен дүниеде сондай азаппенен жүретін болғанда, менің ғұмырымды 20 жылдай **азайтса**, тәуір болар еді, – дейді. (13-290 б.).

Бағзы// Кейбір, қайсыбір. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2-том, А., Ғылым, 1976, 12 б.

3. [Мұхаммед баян етуін естіген соң]

Мигражға нанған адам мұрит болды,

Кем ақыл-мұсылманның **бағзылары**. (13-278 б.).

Бәсенде // Азаю, кему, төмен түсу, солғындау. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2-том, А., Ғылым, 1976, 198 б.

4. Бірінен-бірі төмен, **бәсендеген**,

Біз көрдік тірілікте әрбір түрді. (1-181 б.).

Жұта// Құру, біту, таусылу, жетіспеу. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 4-том, А., Ғылым, 1979, 238 б.

5. Өзіннің рахматың кез келмесе,

Жұтаған жақсылықтан біз бір пақыр! (2-230 б.).

Жырмала //Бөліп-жару, бөлшектеу. //Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 4-том, А., Ғылым, 1979, 323 б.

... Кенесары... қайта Сарыарқаға келіп, Қуандық, Сүйіндік деген елдің шетінен **жырмалап** азын-аулақ ел қолына түсіріп алып... ақырында... шәһитшілік дәрежесіп тапты. (9-162 б.).

5. ...Кенесары, Наурызбай барымташыдай шеттеп, **жырмалап** жүріп, екі мыңға анық толмай тұғын жігіт-желеңмен оған бір тиіп, бұған бір тиіп, бас-көті сегіз жыл бір ауылға болса да «хан» атанды. (11-116, 117 б.).

Жінішкеле //Жінішке қалыпқа келтіру, созу. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 4-том, А., Ғылым, 1979, 340 б.

6. Сөзім көп, айта берсем, мұнан да өрі,

Жінішкелеп, азайтып келген жері. (13-14 б.).

Кемі // Азаю, кем тарту. //Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 4-том, А., Ғылым, 1979, 604 б.

7. Егер шүкірлік қылмай, кіпран нұғмет болсаңыздар,

Өз-өзінен **кеміп**, аяғынан жидіп, жоқ бола береді... (11-69 б.).

10. Дұғағөй **кемиді** ғой әрбір жайда,

Кешегі Сейітқожадай қожа қайда?! (11-293 б.).

Қат // Мұқтаж, зәру, тапшы. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 6-том, А., Ғылым, 1982, 136 б.

11. Енді дүние бола алмас қатынға қат,
Маған десен, зым-зия көрінбей жат. (3-134 б.).

Қаш // Бір нәрседен қорқып безу, зыту. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі,
6-том, А., Ғылым, 1982, 176 б.

12. Қонақ кетіп, күт қашып, күп-қу болып,
Кім бар дейсің зорығып болдырмаған?! (1-182 б.).

13. Ақылды аузын жауып, ділін ашқан.
Бұл күнде ғақыл, білім бізден қашқан. (11-121 б.).

Қысқар // Қысқа болып қалу, шолтию. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі,
7-том, А., Ғылым, 1983, 22 б.

[Алла есекке 25 жыл ғұмыр бергенде, есек тілегі]

14–Маған он бес жас та болады, ғұмырымды қысқарт-деп. (13-340 б.).

15. [Жиренпеге ханның сауалы]

– Апа-қарындасы өлсе, қайтеді, шешенім?! – депті.

– Ұзын өрісі қысқарған есепті-дағы, – депті. (6-78 б.).

Ойсыра // Бір нәрсенің күрт төмендеуі, азаюы, баудай түсу, күйреу. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 7-том, А., Ғылым, 1983, 396 б.

17. Жоңғарлар жеңгенде, қазақты ойсыратып шауып, шаншып, талап жүрген. (8-27 б.).

Олқы // 2. Ауыс. Жетіспей, кемдеу тұрған, кеміс. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 7-том, А., Ғылым, 1983, 419 б.

18. –Шырақтарым, қонағасыларыңды олқы қылғаным жоқ... Далаға жатасындар!-де[ді]. (6-98 б.).

Өш // Құру, кему, жоғалу. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 7-том, А., Ғылым, 1983, 599 б.

19. **Өшпейді** өсіп зорайған өтірік, ұрлық!

Қалған жоқ әлімжеттік, әлі озбырлық! (1-96 б.).

Селдіре // Жиілігі сиреу, сұйылу, азаю. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 8-том, А., Ғылым, 1985, 257 б.

20. Бұл күнде қалған жылқы жондағы киік сықылды селдіреп қалды. (12-296 б.).

Серпі // 3. Ауыс. Жок қылу, аластау. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 8-том, А., Ғылым, 1985, 98 б.

21. [Олжабайдың «қожа» – деп санағанының айтқаны] – Өзің түгіл «Олжабай!»- деп, атыңды айтқанның алдынан пәле-жала, жын-шайтан серпіле береді! – деп, батасын беріп, ғайып болды дейді. (9-117 б.).

22. Сонда Қаз дауысты Қазыбек айтты:

...-Сегіз деген саныңыз-

Серпілмеген қайғы жаман. (13-194-195 б.).

Тай // 3. Ауыс. Тайқу, айну, өзгеру. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 8-том, А., Ғылым, 1985, 536 б.

23. Тастамай сол әдетін кылып кетті
Күнінде қол қысқа боп, дәулет **тайған**. (3-328 б.).
Тақа // Жақындау, жуықтау, таяну. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 8-том, А., Ғылым, 1985, 548 б.
24. Білмеді сақтаған сыр ішке сыя,
Тақалды нәпсі өлуге тыя-тыя. (1-17 б.).
Талшылық // Жетімсіздік, кемшілік. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 9-том, А., Ғылым, 1986, 12 б.
25. [Абылай хан бір жорықта жүргенде]. От жағып, ыстық кылып ішуге бұтасыз жер, отын да **талшылық** қылды. (9-138 б.).
Тарқа // Бөлініп-бөлініп жан-жаққа тарап кету, бытырау. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 9-том, А., Ғылым, 1986, 25 б.
26. Мұнымды ішімдегі шығармасам,
Уайымнан **тарқамайды** қайғы, санам. (2-280 б.).
27. Бәрі **тарқаған** кезде Ботагөз сұлуды жалғыз алып қалып, мейлінше жалынып:
—...деп жабысыпты. (11-11 б.).
28. [Құдай] ... Мұндылардың мұнын **таркатады**... (11-125 б.).
29. Азырақ **таркатайын** іштің шерін,
Қызыл тіл тұрған шақта тілге келіп. (11-246 б.).
Тарт // Бір затты біреуге сыйлап беру, ұсыну, арнау. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 9-том, А., Ғылым, 1986, 31 б.
- Тартылды** биылғы жыл көк рахматы
Пенденің пейілі азған ыңғайына. (4-17 б.).
- Тарық** // Қиыншылық, жоқшылық, көру, зәру болу, қысылу. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 9-том, А., Ғылым, 1986, 40 б.
30. Қонағасы берді, тамақ жағынан **тарықтырмай** күтіп сыйлады. (6-185 б.).
Тарыл // Бір нәрсенің тарауы, кішіреюі. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 9-том, А., Ғылым, 1986, 40 б.
31. Жайлауы баратұғын **тарылған** соң,
Айырылды мал да, жан да несібінен. (4-60 б.).
32. Мұнан біздің Сүйіндік деген халқының малынын қонысы **тарылып**, шаруасынан берекесі кеге бастады. (13-326 б.).
Үнемде // Затты тиімді ұқыпты пайдалану, жұмсау. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 9-том, А., Ғылым, 1986, 553 б.
33. Кемпір-шал қара биенің етін үш жыл өтемге жеткізіп, **үнемдеп** жейді. (6-22 б.).
Шақты // Реті, ыңғайына қарай мөлшерлеу, шамалау. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 10-том, А., Ғылым, 1986, 100 б.

34. Жеткізбей-ақ қойындар сендер мақтап,
Періштелер, сендер де сөйле **шақтап**. (3-130 б.).

Шолак // Қысқа, ұзын емес, келте. // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 10-том, А., Ғылым, 1986, 247 б.

35. Сонда Жиренше:

... – Ей жаным, бірімізге-біріміз- аз күн қонақ, ойласаң, мына дүние тіпті **шолак**. (6-89 б.).

Шыжымдап // Аз-маздап, ептеп. //Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 10-том, А., Ғылым, 1986, 324 б.

36. **Шыжымдап** ақырын ғана тартады-міс,
Алғандай үзіп қана наннан қылды. (3-337 б.).

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
Павлодар қ. Материал 23.07.12 редакцияға түсті.

К. П. Жусип, Н. К. Жусипов

Машхур–Жусип – Творец слова: значения «мало», «уменьшение»
Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 23.07.12.

K. P. Zhusip, N. K. Zhusipov

**Mashhur - Zhusip - the creator of words: the meaning of «little»,
«reduction»**

Pavlodar State university named after S. Toraigyrov,
Pavlodar. Material received on 23.07.12.

*В статье рассматриваются особенности языка произведений
Машхура – Жүсіпа.*

*This article discusses features of the Mashkhur - Zhusip works
language.*